

"Сыртқы экономикалық қызметке (СЭҚ) қатысушыларды тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 14 желтоқсандағы № 463 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2014 жылғы 25 маусымдағы № 288 бұйрығы
«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-
б а б ы н а с ә й к е с , Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Сыртқы экономикалық қызметке (СЭҚ) қатысушыларды тіркеу» мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 14 желтоқсандағы № 463 (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 18 қаңтарда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 5099 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2008 жылғы 28 мамырда № 5 жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті (Ғ.К. Әмрин) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың көшірмесін бір апталық мерзімде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жолдауды;

2) оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Премьер-Министрінің орынбасары
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Б. Сұлтанов*

Қаржы министрі